

# Жатырдың түсуі

Орындаған Серікнұр Айбота

Тексерген




# Жатыр

Жатыр (uterus) — адамның және жануарлардың ұрық дамидынын аналық жыныс мүшесі. Адам Жатыры кіші жамбас қуысында орналасады. Жатыр денесі алға қарай иіліп, жатыр мойнымен доғал бұрыш жасайды. Оның сырт пішіні алмұрт тәрізді.




- ұзындығы 8 см, салмағы 40 — 50 г
- Жатырдың жоғарғы жағы — Жатыр денесі немесе Жатыр түбі, төменгі жағы Жатыр мойны деп аталады.
- Жатыр денесі: сыртқы — сір, ортаңғы — бұлшық етті, ішкі — шырышты қабаттардан
- Жатыр мойны қынаптан және мойын өзегінен тұрады.

Жатырдың кілегейлі қабығының зақымдалуымен сипатталатын жатырдың қабынуы (метрит) эндометрит деп аталады.

Туудан кейінгі эндометрит жыныс мүшелері ауруларының кең тарағаны болып саналады және барлық жануар түрінде кездеседі



Емдеу ағзаның жалпы тонусын жоғарылатуға, жатырдың жиырылу қабілетін көтеруге, оның қуысынан экссудатты жоюға және жатырда антисептикалық жағдайлар тудыруға бағытталған, кешенді болуы тиіс


1. Ауру жануарларды оқшаулап, оларды ұстау және күтіп-бағу, азықтандыру жағдайын жақсартады.
  2. Жатыр жиырылуын күшейту үшін және оның қуысынан экссудат шығуын тездету үшін тері астына немесе бұлшық етке окситоцин, гифотоцин, маммофизин итке-2,5-10 ӘБ, мысыққа - 2-5 ӘБ мөлшерінде, прозериннің 0,05%-ды ерітіндісін немесе пахикарпин, прегнантол, эрготал, эргометрин және басқа да жатыр препараттарын тағайындайды. Препараттарды арасына 12-24 сағат салып 3-5 күн ішінде енгізеді.
  3. 3 - 5%-ды натрий хлориді ерітіндісімен, 1:1000 қатынасында этакридин лактат ерітіндісімен , фурациллинмен 1:5000 , фуразолидонмен (1:1000) жатырды жуады. Содан соң енгізілген ерітіндіні сорғыш құралдармен (резенке түтікпен жалғанған шприц және т.б.) немесе құрсақ қабырғасына массаж (уқалау) жасау арқылы сыртқа шығарады.
- 
- 
- 

4. Жатырда патогенді микрофлораның дамуын тоқтату үшін микробтардың қолданылатын препаратқа сезімталдығын ескере отырып, жергілікті сепсиске қарсы терапия қолданады. Жатыр қуысына енгізу үшін антибиотиктердің үйлесімді комбинациясы, сулы немесе майлы (өсімдік, вазелин майы немесе балық майы) негізде дайындалған суспензия түріндегі сульфаниламидті және нитрофуранды препараттар белсенді әсер етеді.

5. Жалпы емдеуде бұлшықетке келесі антибиотиктер тағайындайды: пенициллиннің стрептомицинмен қоспасы; мономицин ; фармазин , гентамицин, олеандомицин. Антибиотикті терапия курсының ұзақтығы 3-4 тәуліктен кем емес. Ауыр жағдайларда ішке антибиотиктермен бірге сульфаниламидті препараттар тағайындайды: сульфадимезин, сульфапиредозин, этазол .

6. Эндометриттің жіті сатысында В.В.Мосинның плевра үсті новокаинді блокадасын (бір рет) қолданған жөн. Новокаинді терапия ұлпалардың жұмысын және ағзаның қорғаныштық - бейімделу қабілетінің реакциясын жақсартады, жатырдың тонусы мен жиырылу қабілетін жоғарылатады, қабыну үрдісінің тез басылуына септігін тигізеді.

7. Эндометрит ауыр өткенде, ағза күшті уланғанда және сепсис дамуы мүмкін болса 40%-ды глюкоза ерітіндісін, 40%-ды уротропин, 10%-ды кальций глюконатын тағайындайды, көрсеткіштеріне байланысты тері астына кофеин, кордиамин енгізеді.

The background is a solid blue color with several white snowflake icons scattered across it. The snowflakes vary in size and opacity, with some being more prominent than others. They are located in the upper right, middle right, and lower right areas of the page.

8. Уланумен, сонымен қатар ағзаның сусыздануымен күресудің ең жақсы тәсілі изотониялық сұйықтықтарды тамыр ішіне тамшылату әдісімен құю болып табылады: 0,9%-ды натрий хлориді ерітіндісі , 5%-ды глюкоза ерітіндісі.

9.Егер жануардың жағдайы жақсармаса жатырдың экстирпациясын жүргізеді.

# Жатырдың айналып тусуі

Жатырдың қынап арқылы сыртқа шығып кетуі туу кезінде немесе туудан соң, 6-12 сағаттан кеш емес, яғни жатыр мойны кеңінен ашулы тұрған уақытта болады.

Себебі.Негізгі себебі бірнеше рет туғанда, ұрық ірі болғанда оның қабырғаларының созылуынан, ұрық қабықшаларының сулануынан туындайтын жатыр атрофиясы болып табылады. Жатырдың айналып кетуінің ең негізгі себебі күшті толғақтар деп есептеледі. Толғақтың әсерінен жатыр көбіне туу кезіндегі бірнеше сағаттық үзілістен соң шығарылатын соңғы ұрықты туған кезде айналып кетеді.